



ТАРИХ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

Амангелді ҚАШҚЫМБАЕВ

*ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты
директорының орынбасары, т.ғ.к., доцент, Астана қ.*

Заман өзгеріп, күніміз оңынан туғалы да біршама уақыт өтіп барады. Аңсап күткен тәуелсіздігіміз жолымызды ашты. Кеше ғана әлем танымай келген Қазақ елі бүгінгі күні дүниежүзілік қауымдықтың алдыңғы қатарынан көріну мақсатын орындауда. Десек те, осы бір қысқа уақыт ішінде қол жеткізген жетістіктердің тәтті буына малынып, рақаттанғаннан гөрі, өткеніміз бен бүгінгімізге терең көз салып, қыры мен сыры мол сол жылдарды ой елегінен өткізіп, олардың ішінен тек қана бүгінгі күндерге сай ғана емес, елдің ертеңгісіне, болашағына лайықты құндылықтарды анықтап алу қажеттілігі де туындап отырғаны даусыз. Яғни, қазіргі заманның адамы қоғамға қызмет істей алатын жаңа идеяларды іздестіруде. Міне, осы жолда оның не оңға, не солға кетуі оларға көрсетілген бағыттардың дұрыс анықталуында.

Осы орайда жақында өткен Қазақстан Республикасы Ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысын ерекше атап кету керек. Онда «Бүгінгі таңда біз мемлекет құрудың жаңа белесіне шықтық. Мемлекет басшысы жариялаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қоғам дамуының жаңа белесіндегі басты сұрақтарға, атап айтқанда, біз қайда барамыз және 2050 жылы қандай болғымыз келеді деген сұрақтарға жауап береді. Кеңінен айтсақ, мәселе ел болашағының дүниетанымдық жаңа моделін жобалау, басты құндылықтар мен бағдарларды айқындау болып отыр» – деген ой ортаға салынды.

Ведомствоаралық кеңестің кеңейтілген отырысына ең көп шақырылғандар – отандық тарихшылар болып отыр. Осыдан-ақ жиынның не мақсатпен жиналғанын байқауға болса, екіншіден, Мемлекеттік хатшының баяндамасы Тәуелсіз Қазақстанның кешегі мен бүгінгі тарихына терең ғылыми тұрғыдан талдау жасаудағы тарихшылардың міндет-мақсаттарын айқындап беру болды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың біздің қоғамның қазіргісі мен ертеңгісіне қажетті рухани күштің көздерін қайдан көруге, неден

ізвестіруге болады деген көкейтесті ойын нақты тұрғыдан жалғастырған бұл баяндама тарихшылар арасына үлкен қозғалыс енгізгені сөзсіз.

Олай дейтініміз, тәуелсіздіктің арқасында ұлттық тарихтың жаңа беттеріне лайықты жаңа деректерді тауып, соған риза болып отырған тарихшылар өздерінің міндеттерінің осыменен аяқталмағанын, оларды алда одан да бетер жауапты істер күтіп тұрғанын нақты сездірген де осы жиын болды.

«Ақтар қозғалысының жеңіске жетуі мүмкін бе еді?» – деген сұраққа ресейлік жазушы М.И. Веллер былай жауап берген: «Соғыстарда жеңіске жететіндер әскери адамдар емес – саясатшылар. Ақтардың ұрандары: әділеттілік, заң, гуманизм. Бірақ олар осылай дей отыра, не айтқылары келгендерін нақты түсіндіре алмады... Ал большевиктер болса Ұлы идеямен қаруланған болатын. Әрине оны жоққа шығаруға да, одан күмәндануға да болады, одан төніп тұрған қанды утопияны байқау қиын емес. Солай бола тұрса да олардың: қансорғыш қанаушылардың мойынға ілген қарғыбауын лақтырып тастап, билікті нақты еңбек еткендердің қолына береміз деген идеяның ұлылығын мойындау керек».

Алайда, кеңестік замандағы идеялардың ұлылығын мойындай отырып, ендеше олар неге өміршендігін көрсете алмады деген сұраққа тіреле бересін.

Өткен ғасырдың 50–60-шы жылдары тарихқа «тың игеру эпопеясымен» енгені белгілі. Тың игеру процесі қазақ даласына көп өзгерістер әкелді. Енді келіп, «нан мәселесін» шешкен алып операцияның пайдасы көп болды ма, әлде зияны басым болды ма деген сұраққа жауап беруге қиналамыз. Ал шын мәнісінде «ғасыр жобасы» деп таңдай қақтырған бұл идея қазақ ұлтын жақсартуға бағытталды ма екен?

1953 жылы 18 сәуір күні Москвада 1-ші хатшы Н. Хрущевтің басшылығымен кеңестік қамаудан босап шыққан 10 миллион адамды жұмыспен қамту мәселесі тұңғыш рет мемлекет деңгейінде сөз болғаннан айта келе, «Тың игеру идеясы қайдан туды?» деген мақаласында ресейлік тарихшы Константин Семенов экс-кылмыскерлерді жұмыспен қамту аса қиындық туғызғаны, ал Хрущевтің «ұлы бастамасы» дәл сол жиында дүниеге келгенін айтады. Ендеше, Н. Хрущевтің Ақмола облысы Жалтыр станциясында: «Жергілікті халықтан үміт күтпендер. Қазақтар – жаратылысында тоғышар, жалқау халық. Мына жердің иесі сендерсіңдер. Өз жерлеріне ие болыңдар» – деп алғашқы тың игерушілерге «жолдама» беруінде де қазақ қамын ойлағаннан гөрі, басқа бір жат пиғылдың болғандығында емес пе екен?... Бұл бір ғана мысал.

Ресейлік самодержавиялық жүйе кезінде, одан қалды кеңестік кезеңде де зорлық пен ұлттық менсінбеушіліктің әбден зардабын көрген қазақ ұлты Егеменділік пен Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін өзіндік дамудың жаңа серпілісі жолдарын тауып, әлемге танымалы ұлттық мемлекетке айналды. Осы жолда ол тек қана өзіне қатысты ғана емес, әлемнің көптеген мемлекеттеріне үлгі бола аларлықтай бағыттарды сыннан өткізіп, олардың құндылықтарын көрсете алды.

Біреулерді таңғалдырып, енді біреулердің ішін күйдіріп отырған Қазақстанның осы тамаша жетістіктері. Өкінішке орай, қазақ ұлтының бүгінгі

биіктен көрінуіне іші күйген кейбір ғалымсымақтар Қазақ елінің жетістіктерін кездейсоқтылықпен салыстырып, болашағын бұлыңғыр етіп көрсетуге ұмтылуда. Олардың ойынша қазақ ұлтының ертеңгісі түгіл, кешегі тарихының өзі өте күмәнді: қазақтар ешқашанда ұлт ретінде қалыптаса алмаған, мемлекеттіліктің сатылы кезеңдерін бастарынан кешірмеген, «қазақ ұлты», «қазақ мемлекеті» деген терминдер кезінде Ресей мемлекетінде басталған әлеуметтік төңкеріспен тікелей байланысты (большевиктердің өздері 1930-шы жылдардың соңына дейін Ресейде 1917 жылы қазан айынан басталған өзгерістерді революцияның емес, төңкерістің нәтижелері деп келген) деп даурығуда.

Осындай пікірде жүрген ресейлік саясаткерлердің бірі – Ресей стратегиялық зерттеулер институтына қарасыты «Проблемы национальной стратегии» журналының бас редакторы Аджар Куртов бұдан бір жылдай уақыт бұрын «Средняя Азия привыкла слизывать крошки с ладоней России и кусать длань дающего»... атты сұхбатында «қайыр сұраған» Орталық Азия мемлекеттерінің қатарына Қазақстанды да енгізіп шу шығармақ болса, енді, міне, Байқоңыр қаласында сәуір айында өткен конференцияда, одан қалды әр апта сайын шығатын «ADAM Reader s» атты газеті беттерінде осы мырза тағы да өнер көрсетіп отыр. Әсіресе, соңғысында ол қазақ халқының тарихын (әсіресе тәуелсіздік кезінде жазылған тарихты) қиялдан туған көріністерінің нәтижесі деп көрсеткен.

Біз ұлттық тарихымызды құрметтей білеміз бе? Соның ішінде тарихшылар, әсіресе, қоғамды осындай деңгейге жеткізе алды ма? ИӘ ДЕЛІК! Олай болатын болса Солженицын, Жириновский, Куртов, Хидоятов тәріздес авторлардың біздің тарихымызға қол сұғып, маңдайлары кере қарыс ғалымдарымыз тұрғанда, олардың көптеген ғылыми еңбектері жарыққа шығып жатқанда, соншалықты өркөкіректікпен бізге, қазақ ғалымдарына, тарихымызды қалай зерттеуді, жазуды үйретулерін, оқулықтарда не жазып, не қою туралы сыбырлай берулерін, қазақ тарихшыларының концептуалды ойларын еш тайсалмастан жоққа шығару әрекеттерін қалай түсінуге болады?

Ол, ол ма! Қазіргі уақытта жас ұрпақтың кейбір өкілдері осындайлардың алып-қашты сөздеріне еліктеп, ұлт тарихын білуге немқұрайлылық білдіруде, ұлттық дәстүр, ұлттық мәдениеттен өздерін алашақ ұстауға тырысуда. Ондайларға ұлттық патриотизм, Отанды қадірлеу сияқты ойлар тым жат болып бара жатқаны да байқалады. Неге олай?!

Біздің ойымызша, осындай форматтағы жағымсыз көріністердің бой көрсете бастауының себептері де жоқ емес. Біріншіден, әрине, оқырман қауымға қазақ ғалымдарының ұлт тарихына байланысты ашқан жаңа беттерінің, жаңа көзқарастарының жетпей жатуы. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстан тарихы оқулықтары мен аттас пәнді оқытудың тәсілдері туралы айта кету керек. Шындығын айтқанда, біз өзіміз оқулықтар туралы айтылып жүрген көп сындармен келісе де бермейміз. Соның ішінде, әсіресе, қазір тек тамаша жазылған оқулық қана қазақ қоғамына жаңа бағыт, жаңа бетбұрыс әкеледі деген пікірменен қаншалықты келісуге болады?

Германияның белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Отто фон Бисмарк кезінде «Седан түбіндегі шайқаста неміс әскерлері қалай жеңіске жетті» – деп қойылған сұраққа: «Жеңіске жеткізген неміс әскерлері емес, қарапайым ғана тарих мұғалімі» – деп жауап берген көрінеді. Әңгіме солай болды ма, жоқ па – оны кім біледі? Мәселе осы кішкене ғана эпизодтың соңында тұрған үлкен мазмұнында.

Осы жерде біз қазақ жазушысы Ілияс Есенберлиннің феномені туралы айтуымыз керектігі даусыз. Бұл жерде де таң қалмасқа болмайтын фактілер бар. Солардың бірі – жазушының шығармаларына қарапайым оқырмандар жағынан туындаған асқан қызығушылық. Есенберлиннің кереметтігі де осында. Жазушы аз ғана уақыттың ішінде тарихи шығармалары арқылы мыңдаған қазақтың тарихқа деген қызығушылығын оята білді, олардың санасына «Біз кіміз?» деген сұрақты мәңгілікке енгізе алды.

Ендеше, мәселе тек тарих оқулығында емес болар...

Десек те, оқулықтардың әлі күнге дейін негізгі ойларды, кейбір теориялық мәселелерді мазмұндауда оқытушыны да, оқушыны да білімді игерудің ең оңай жолына, яғни дайын сұрақтар мен дайын жауаптарға итермелеп отырғанын мойындау керек болар.

Келесі мәселе, тағы да ғалымдар мен оқулықтардың авторларына қатысты. Соңғы уақытта ғалымдар арасында конспирология деген термин қолданылып жүр. Ол дегеніміз, нендей бір тарихи оқиғалардың соңынан міндетті түрде аса бір құпиялықты байқау деген сөз: бұғып қалу, жасырып қалу, байқамаған сыңай білдіру т.т. Міне, біздің ойымызша, осы тенденция оқырмандар арасында ресми мәліметтерге сенбеушілікті тудырып, нәтижесінде жоғарыдағы айтып кеткен оқулықтарға деген сұранысты төмендетіп отырған сыңайы бар. Осыған орай кейбір оқулықтар мен оқу құралдарындағы ресми (құжаттарға негізделген) мәліметтерден гөрі, бейресми басылымдардағы мәліметтерге көп сенетін жағдайлар көптеп байқалады. Ал кейбір авторлар болса оқушының қызығын арттыру осы екен деген оймен «өздері ашқан жаңалықтарды» кез келген оқу құралдарына енгізіп жатады. Мысалы, Аттиланьң есімі – Еділ болуы керек, Томирис – Тұмар деген секілді.

Әлем тарихына өздерінің ерекше әрекеттерімен көшпенділердің рөлін мәңгілікке енгізген осындай тарихи тұлғалардың, әлем тарихында қалған аттарының бұлайша өзгеруіне таңданбастан басқа амал жоқ. Қазақ айтпақшы – «елу жылда ел жаңарады». Кім біледі?! Мүмкін, жарты ғасырлық уақыт өткеннен кейін жаңа ұрпақ Еділ дегеніңіз – Аттила екен деп ғылыми шығарма жазып жүрмесе...

Грек ұлты осы уақытқа дейін кезіндегі спартандықтардың ерлігін әлі ұмытар емес. Олардың ерлігі – жастардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті жеткізудің бір жолы. Шындап қарағанда, спартандық жауынгерлерінің ерлігінде жинақтаушы образ, мүмкін тіпті қиялдан туған бейнелер де жоқ емес сияқты. Ал қазақ тарихында орын алған, нақты «Орбұлақ шайқасындағы» Жәңгір хан мен оның жанындағы алты жүз ержүрек отансүйгіштер ерліктері неге экранда қиялдан туған «мың балаға» айналып кетті?!

Тәуелсіздіктің арқасында тарих ғылымы көп алға жылжыды. Тарихтың ақтаңдақтарын ашуға көмектесе алатын жаңа деректер том-том кітап болып шығуда. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың жеке инициативаларының арқасында дүниеге келіп, оларды іске асыруға қажетті қаржылар табылып жатыр. Нәтижесінде «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» бағдарламаларының негізінде жарық көрген алыс және жақын шетелдіктерден алынған деректердің жарық көруі. Осыған қарамастан, ғалымдар заман ағымынан кешеуілдеп жатқан сияқтымыз.

Жақындағы болған бір оқиға. Мемлекет тарихы институтына бір топ ресейлік ғалымдар келген болатын. Кітапханада болған олар сөредегі тұрған тарихи материалдарға байланысты шыққан бірнеше серияларды көріп қатты таңғалды. Тіпті, сол жерде сатып алуға ыңғай білдіргендері де болды.

Ауыз толтыра айтуға тұратын жағдай. Осылай бола тұра, жоғарыда айтқандай, кейбір алыс-жақын шетелдік ғалымдардың қазақ тарихының кешегісіне күмәнмен қарауы неде? Олай болатынын бір кездері қолымыз жете бермейтін деректер көз алдымызды тұрғанымен, олар ғылыми айналымға енбей жатыр деген сөз. Олай болса біз, тарихшылар, қол жете бастаған жаңа деректерді «сөйлете» алмай отырмыз. Нәтижесінде қазақ тарихының беттерін өздерінше жаңартамыз деп жүрген әрекеттерімізде түп-тамыры тереңде жатқан шолу азшылық. Өкінішке орай, зерттеушілердің арасында кез келген фактіні таңғаларлық етіп көрсету әдетке айналып бара жатыр. Сондықтан да болар еш негізсіз Шыңғыс ханның кенеттен қазақ болып шыға келуі. Сөзсіз, бұл – сенсация! Бірақ бұл кімге керек өректіту?! Міне, осыдан барып кейбір шетелдік ғалымдар әлі күнге дейін барды жоққа шығаруға тырысуларын, болғанды жоқ деуден тайынбауларын осындай «қызық» факторлардан байқауға болатын шығар.

Американдық жазушы Марк Твен бірде былай айтқан екен: «Живи я при начале мира, я бы сперва послушал что соседи говорят про убийство Авеля, прежде чем громко осудить Каина»...

Жиында айтылғандай, ендігі жердегі негізгі міндет тәуелсіздіктің осы уақыт ішіндегі жетістіктерін мәңгілік ету, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Тарихшылардың алдындағы аса жауапты міндет, міне, осында.